

MPHTI: 06.73.02

JEL Classification: O31, G32

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2025-2-122-137>

КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А. Н. Рамашова¹, Д. А. Жошибаева¹, Г. А. Пазиллов^{1*}

¹М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент,
Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – инновациялық қызметтің мәні мен мағынасын, инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын, сонымен қатар қазіргі жағдайда отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыру көрсеткіштерін талдау арқылы негізгі мәселелерді айқындау және оларды шешу жолдарын ұсыну болып табылады.

Әдіснамасы – зерттеуде талдау мен синтездеудің жалпы ғылыми әдістері, ғылыми зерттеулер нәтижелерін жалпылау, әдебиеттерге шолу, салыстыру, сараптамалық бағалау әдістері қолданылды.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы – экономикалық дамудың инновациялық жолы жоғары технологиялық өндірістерді құру, қолданыстағыларын жаңғырту негізінде бәсекелестік артықшылықтарды қамтамасыз етуді көздейді. Елімізде отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін қолдау мақсатында көптеген жұмыстар атқарылғанына қарамастан олар алға бастайтын инновациялық дамуды көрсете алмай келеді. Зерттеу барысында отандық кәсіпорындарда инновациялық қызметті жүзеге асыра алмауына ықпал ететін факторлар қарастырылып, олардың ішінде қаржыландырудың жетіспеушілігі негізгі себептердің бірі екендігі айқындалды.

Зерттеу нәтижелері – зерттеу нәтижесінде инновациялық қызметті қаржыландыру түрлері қарастырылып, оларды отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыруды жетілдіруде қолдану мүмкіндіктері ұсынылды. Әсіресе отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін мемлекет тарапынан қаржыландыруды жетілдіру, инновациялық қызметті іске асыратын кәсіпорындарға салықтық жеңілдіктер беру, отандық кәсіпорындар базасында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (одан әрі - ҒЗТҚЖ) жүргізуді ынталандыру, ғылым мен өндіріс арасында байланысты нығайту бойынша нақты ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: инновация, инновациялық белсенділік, инновациялық қызмет, инновациялық қызметті қаржыландыру, венчурлық қаржыландыру, инновациялық грант.

КІРІСПЕ

Зерттеу өзектілігі. Қазіргі жедел жаһандану кезеңінде барлық ұлттық экономикалар өздерінің бәсекелестік стратегияларында білімге негізделген экономиканы қалыптастыруға, инновацияға негізделген даму жолын таңдауға ерекше мән беріп отыр. Қазақстан Республикасында да экономиканы ұзақ мерзімді кезеңде әртараптандыруды қамтамасыз ету және бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында инновациялық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған көптеген шаралар іске асырылуда.

Қазақстанда бүгінгі күнге дейін мемлекет тарапынан инновациялық қызметті қолдауға арналған заңнамалық құжаттар қабылданып, индустриалды-инновациялық дамуға бағдарланған бірнеше бағдарламалар іске асырылды. Елімізде инновациялық қызмет туралы қабылданып жатқан заңдардың, инновациялық даму бағдарламаларын іске асырудың негізгі стратегиялық мақсаты ел экономикасын әртараптандыру және оның бәсекелік қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

Инновация – кәсіпорындардың дамуының негізгі қозғаушы күші. Ол ұзақ мерзімді инвестициялар мен тәуекелдерге байланысты шығындармен, сондай-ақ ақпараттың төмен ашықтығымен бірге келеді. Сонымен қатар инновация тұрақты зерттеулер мен әзірлемелерді, сондай-ақ тұрақты қаржыландыруды қажет етеді.

Қазіргі уақытта көптеген кәсіпорындарда меншікті қаржының жетіспеушілігі, ал сырттан қаражат тартуда түрлі қиындықтар мен кедергілердің салдарынан инновациялық қызметті жүзеге асыра алмау себептері орын алып отыр.

Әдебиеттерге шолу. Кәсіпорынның инновациялық қызметін қаржыландыру мәселелері шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Ling Sh. және т.б. зерттеушілер кәсіпорынның инновациялық қызметін қаржыландырудың әр түрлі арналарының әсері, әр түрлі кезеңдерге байланысты өзгеріп отыратындығы туралы айтады. Сонымен қатар осы ғылыми еңбекте банктік несиелер кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландырудың тиімді құралы емес екендігін көрсетеді [1].

Zhu E., Zhang Q., Sun L. пайымдауынша барлық жерде жеке кәсіпорындарды қаржыландырудағы қиындықтар кездесетіндігін және ішкі қаржыландыру кәсіпорындардың технологиялық инновациялық мінез-құлқына, сыртқы қаржыландыруға қарағанда жақсырақ ықпал ететіндігін тұжырымдайды. Сонымен қатар, сыртқы қаржыландырудың әртүрлі нысандарының ішінде банктік несиелер технологиялық инновацияларға айтарлықтай әсерін анықтайды [2].

Ayrançi A.E., Ayrançi E. зерттеулері инновациялық шағын және орта бизнестің қалай қаржыландырылатынын, қаржыландыру үдерістерінде қандай мәселелерге тап болатынын анықтауға бағытталған. Олар сыртқы және ұзақ мерзімді қаржыландыру мүмкіндіктеріне байланысты мәселелер толығымен экзогендік факторларға тәуелді екендігін айқындаған [3].

Брянцева Т.А. ғылыми зерттеуінде инновациялық қызметтің мәні мен ерекшеліктерін қарастыра отырып, шаруашылық жүргізуші субъектілердің төмен инновациялық белсенділігінің себебі ретінде қаржыландырудағы мәселені анықтады. Ол инновациялық қызметті қаржыландырудың тұжырымдамасы, қағидаттары мен формаларын айқындап, оны жүзеге асырудың қазіргі экономикалық жағдайларын ескере отырып, инновациялық қызметті қаржыландырудың жаңа көздерін қолдануды ұсынған [4].

Самарская И.М. зерттеуінде кәсіпорынның инновациялық дамуды жеделдету үдерісіне тек жеке қаржыландыру арқылы қол жеткізу мүмкін емес екендігін айтады. Инновациялық қызметті қаржыландыру жүйесін инновациялық қызметті қаржыландыруға қатысатын қаржылық қатынастар мен механизмдер арқылы өзара байланысты субъектілер мен мекемелердің жиынтығы деп түсіну қажеттігін көрсетеді [5].

Отандық зерттеушілер Кваде Е.А., Табылдиев А. өз зерттеулерінде Қазақстанда инновациялық қызметті қаржыландыру көздері ретінде инновациялық бағдарламалар мен жобаларды іске асыру үшін тікелей мемлекеттік инвестицияларды, сондай-ақ кәсіпорындардың меншікті қаражатын, банк несиелері, инновацияларды қаржыландыруға арналған мемлекеттік емес қорлар, бағалы қағаздар эмиссиясы және шетел инвестицияларын қарастырған [6].

Зерттеулер барысында белгілі болғандай кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыру көздері мен түрлері бойынша ғылыми зерттеулер шетелдік ғалымдардың еңбектерінде кездеседі, ал отандық ғалымдар тарапынан кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыру бағытында жарияланған ғылыми еңбектердің көп емес екендігі айқындалды.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Зерттеуде қолданылатын әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негіздерін кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыруға бағытталған шетелдік және қазақстандық ғалымдардың, зерттеушілердің еңбектері құрады. Ғылыми зерттеуде отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділік көрсеткіштері, инновацияларға жұмсалған шығындар және оны қаржыландыру көздері бойынша мәліметтер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық жинақтарынан алынды. Статистикалық деректерді өңдеу үшін Microsoft Excel бағдарламасы пайдаланылды. Зерттеуде талдау мен синтездеудің жалпы ғылыми әдістері, ғылыми зерттеулер нәтижелерін жалпылау, әдебиеттерге шолу, салыстыру, сараптамалық бағалау әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылаулар. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінде «Инновациялық қызмет деп инновацияларды жасауға бағытталған қызмет (ғылыми, зияткерлік, шығармашылық, ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік-инновациялық, технологиялық, ақпараттық-коммуникациялық, ұйымдастырушылық, қаржылық және (немесе) коммерциялық қызметті қоса алғанда) түсініледі» деп анықтама берілген [7].

Инновациялық қызметтің мәні іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндірілетін өнімнің (қызметтердің) сапасы мен тұтынушылық сипаттамаларын жақсарту, кәсіпорынның технологиялық үдерісі мен техникалық деңгейін жақсарту, еңбек жағдайын жақсарту, бәсекелестік артықшылықтар алу және жаңа нарықтар мен операциялық тиімділікті арттыру [4].

Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдаудың мақсаты отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін инновациялық өнім өндіруіне (қызмет көрсетуіне) жағдай жасау болып табылады [7].

Бүгінгі таңда инновациялық қызмет отандық экономиканы дамытудың маңызды факторына айналып отыр. Экономикалық дамудың инновациялық жолын таңдап отырған ел ретінде Қазақстан Республикасы 2024 жылы жаһандық инновациялар индексіне үш орынға көтерілді (1-кесте).

Кесте 1 – Жаһандық инновациялар индексіне Қазақстан Республикасы ұстанымының динамикасы

Көрсеткіштер	2020	2021	2022	2023	2024
Талдауға қатысқан елдер саны	131	132	132	132	133
Жаһандық инновациялар индексіне Қазақстан Республикасының орны	77	79	83	81	78
Ескерту - [8] негізінде авторлармен құрастырылған					

1-кесте мәліметтері бойынша еліміздің соңғы 5 жылда жаһандық инновациялар индексіне ұстанымы 2020 жылы 77-орында болса, 2022 жылы 4 орынға төмендеп 83 орынды иеленген, ал 2024 жылы 2022 жылмен салыстырғанда 5 орынға көтеріліп 78 орынға ие болып отыр.

Мемлекеттің инновациялық дамуы отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігімен тікелей байланысты. Кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейін анықтау үшін инновациялық қызметтің қандай да бір түрімен айналысатын кәсіпорындар санының жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жалпы санына арақатынасымен және оны 100-ге көбейту арқылы анықталады [9].


ЕО елдерінде инновацияларды жұмысшылар саны 250-ден асатын ірі өндірістік компаниялардың 79% - ы, 50-249 адам жұмыспен қамтылған орташа компаниялардың 58% - ы және жұмысшылар саны 50-ден аз шағын кәсіпорындардың 44% - ы қолданады. Қызмет көрсету саласында бұл көрсеткіштер ірі компаниялар үшін 73%, орта компаниялар үшін 49% және шағын кәсіпорындар үшін 37% құрайды [10]. ЕО елдерінде кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 50%-дан жоғары [11].

Ал отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін қарастыратын болсақ, ірі кәсіпорындарда – 32,4%, орта кәсіпорындарда – 18,8%, шағын кәсіпорындарда – 9,6%. Қазақстан Республикасы бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі 2023 жылы 11,7%-ды құраған [12]. Демек ірі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі шағын және орта кәсіпорындармен салыстырған жоғары екендігі белгілі болып отыр.

ҚР өңірлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейін салыстырып қарастыратын болсақ, 2023 жылы республика өңірлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі жоғары өңірлерге Қарағанды облысы 16,2%, Павлодар облысы 15,3%, Астана қаласы 15,2%, Ақтөбе облысы 14,9% және Алматы қаласы 14,6% кіреді. Ал кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі төмен өңірлерге Батыс Қазақстан облысы 4,2%, Атырау облысы 5%, Ақмола облысы 5,9% жатады [12].

Кәсіпорынның инновациялық қызметі тікелей қаржыландырумен байланысты. Өйткені инновациялар кәсіпорындар үшін жаңа болғандықтан оны іске асыруға көп қаржы қажет.


Елімізде кәсіпорындардың инновацияларға жұмсалған шығындарын қарастыратын болсақ, жылдан-жылға оның көлемі артып отыр (1-сурет).



Сурет 1 – ҚР бойынша инновацияларға жұмсалған шығындар, млн. теңге
Ескерту — [13] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

1-сурет мәліметтеріне сәйкес республика бойынша инновацияларға жұмсалған шығындар көлемі 2019-2023 жылдар аралығында 3,3 есе артып отыр. Атап айтсақ, 2019 жылы инновацияларға жұмсалған шығындар көлемі 545 046,2 млн. теңге болса, 2023 жылы оның көлемі 1 820 818,5 млн. теңгені құраған. Әсіресе соңғы 2022-2023 жылдары инновацияларға жұмсалған шығындар көлемі айтарлықтай көбейіп отыр.


Елімізде экономикалық қызмет түрлері бойынша және шығын түрлері бойынша инновацияларға жұмсалған шығындар көлемін 2-суретте қарастырамыз.



2-сурет – Шығын түрлері бойынша инновацияларға жұмсалған шығындар (2023 ж.)
Ескерту – [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2-суретке сәйкес 2023 жылы республика бойынша инновацияларға 1 820 818,5 млн. теңге қаржы жұмсалған болса, сол қаржының 69,7%-ы заманауи жабдықтар, машиналар, бағдарламалық қамтамасыз ету, сондай-ақ басқа да күрделі өнімдерді сатып алуға, 6,4%-ы ішкі ҒЗТКЖ-ға, 2,2%-ы сыртқы ҒЗТКЖ-ға, 1,3%-ы оқыту, маркетингтік зерттеу, жобалау және т.б. тиісті шараларға, 0,3%-ы сыртқы ғылымды алуға, ал қалған 20,1%-ы өзге де инновациялық шығындарға жұмсалған.

Осы инновацияларға жұмсалған шығындарды қаржыландыру көздері бойынша қарастыратын болсақ, отандық кәсіпорындардың банктерден алған қарыздарының есебінен инновацияларды қаржыландыру басым үлеске ие болып отыр (3-сурет).




Сурет 3 – Қаржыландыру көздері бойынша инновацияларға жұмсалған шығындар (2023 ж.)

Ескерту – [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

3-суретте 2023 жылғы статистикалық мәліметтерге сәйкес отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыру көздері бойынша жұмсалған шығындардың құрамына талдау жасайтын болсақ, банктерден алынған қарыздардың есебінен қаржыландыру үлесі 50,1% (913 745,1 млн. теңге.), ұйымның меншікті қаражаттарының есебінен қаржыландыру үлесі 39,6% (721 090,2 млн. теңге), республикалық бюджет есебінен қаржыландыру үлесі 4,2% (75 246,4 млн. теңге, оның ішінде инновациялық гранттар 3 121,2 млн. теңге), жергілікті бюджет есебінен қаржыландыру үлесі 0,8% (14 639,2 млн. теңге), шетелдік қаражаттар есебінен қаржыландыру үлесі 0,3% (5 637,9 млн. теңге), өзге де қаражаттар (занды тұлғалардың қарызы (даму институттарынан басқа), венчурлік қорлар) есебінен қаржыландыру үлесі 5% (90 459,7 млн. теңге) құраған.

Экономикалық дамудың инновациялық жолына өту жағдайында отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамыту мақсатында түрлі заңдар, тұжырымдама, бағдарламалар мен басқа нормативтік-құқықтық құжаттар қабылданды. Мемелекет тарапынан кәсіпорындардың инновациялық қызметін белсенді қолдау шаралары болғанымен, олар алға бастайтын инновациялық дамуды көрсете алмай келеді. Соңғы 5 жылдағы статистикалық мәліметтер бойынша отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейі 10-11,7% шамасында қалып отыр.

Отандық кәсіпорындарда инновациялық қызметті жүзеге асыра алмау себептері бойынша Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау агенттігі Ұлттық статистика бюросы сауалнама жүргізген. Сауалнамаға жалпы саны 23 549 кәсіпорын қатысқан. Сауалнама нәтижесін 4-суретте ұсынамыз.



Сурет 4 – Кәсіпорындарда инновациялық қызметтің жүзеге асырылмау себептері, %-дық үлес бойынша (2023 ж.)

Ескерту – [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

4-суретке сәйкес жүргізілген сауалнама нәтижесі бойынша отандық кәсіпорындарда инновациялық қызметтің жүзеге асырылмауының себептерін олардың пайыздық үлесі бойынша қарастыратын болсақ, сұраныстың жоқтығына байланысты инновацияға қажеттіліктің жоқтығы 36,3% (8552 кәсіпорын), қаржы құралдарының жетіспеушілігі 26% (6120 кәсіпорын), бұрынғы инновациялар әсерінен қажеттіліктің туындамауы 11,2% (2636 кәсіпорын), инновациялық тауарлар мен қызметтерге сұраныстың белгісіздігі 10,2% (2395 кәсіпорын), инновациялық шығыстардың жоғары деңгейде болуы 7,3% (1730 кәсіпорын), нарық туралы ақпараттың жоқтығы 1,8% (418 кәсіпорын), білікті маманның жетіспеушілігі 1,7% (398 кәсіпорын), технологиялар жөнінде ақпараттың жоқтығы 1,5% (358 кәсіпорын), сыртқы қаржыландыру көздерінен қаржы құралдарының жетіспеушілігі 1,4% (331 кәсіпорын), инновация үшін серіктестік табудың қиындығы 1,3% (309 кәсіпорын), нарықтағы бар кәсіпорынның үстемдігі 1,3% (309 кәсіпорын) құраған. Талдау нәтижелері бойынша отандық кәсіпорындарда инновациялық қызметтің жүзеге асырылмауының бастапқы 5 себебінің үлесі 91%-ды құрап отыр.

Көптеген отандық кәсіпорындарда инновациялық қызметті жүзеге асырылмауына қаржы құралдарының жетіспеушілігі негізгі себептердің бірі болып отыр. Сондықтанда бүгінгі таңда отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыру үшін олардың инновациялық қызметін қаржыландырудың оңтайлы көздерін қалыптастыру қажет.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландырудың келесідей түрлері қолданылады:

- мемлекеттік қаржыландыру;
- акционерлік қаржыландыру;
- банктік несиелер;
- салықтық жеңілдіктер;
- кәсіпорынның меншікті қаражаты [1,2,4].

Кәсіпорындардың инновациялық қызметін мемлекеттік қаржыландыру түрлі жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін. Әдетте ең басым және ауқымды инновациялық жобаларды қаржыландыру үшін әртүрлі деңгейдегі бюджеттерден қаражат бөлінеді. Мұнда кәсіпорындардың инновациялық жобаларын мемлекеттік сарапшылар тобы бағалап, заңнамалық-құқықтық құжаттарға сәйкес қаржыландыруға лайықты деп табылған жағдайда ғана мемлекет тарапынан қаржыландырылатын болады.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексіне сәйкес инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларына мыналар жатады:

- венчурлік қорларды қоса қаржыландыру;
- инновациялық гранттар беру [7].

Бүгінгі таңда елімізде венчурлық қаржыландыру саласында алға жылжу байқалады. Қазақстан өңірдің барлық венчурлық мәмілелерінің 70%-дан астамын қамтамасыз етіп, Орталық Азияда көшбасшылық ұстанымды иеленіп отыр. Соңғы 5 жылда елімізде венчурлық капиталдың көлемі 6 еседен астам өсіп, 80 млн. АҚШ долларына жетті [14].

Көптеген сарапшылар инновациялық жобаларды қаржыландыруда венчурлық инвестицияларды жоғары бағалаумен және үлкен күрделі салымдармен жобаны жүзеге асырудың соңғы кезеңдерінде, атап айтқанда коммерцияландыру кезеңінде қолданған тиімді және оның табыстылық көрсеткіштері жоғары болады деп есептейді [1, 15].

Инновациялық грант әдетте инновациялық гранттар берудің басым бағыттары шеңберінде инновациялық жобаларды іске асыру үшін өтеусіз негізде берілетін қаражат.

Бүгінгі таңда еліміздің заңнамасына сәйкес инновациялық гранттар келесілерге беріледі:

- жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды технологиялық дамытуға;
- технологияларды коммерцияландыруға;
- салаларды технологиялық дамытуға [7].

Зерттеулер барысында белгілі болғандай 2023 жылы отандық кәсіпорындардың инновацияларға жұмсаған шығындарының 5%-ы ғана мемлекеттік бюджеттен (республикалық бюджет есебінен қаржыландыру үлесі 4,2% (75 246,4 млн. теңге), жергілікті бюджет есебінен қаржыландыру үлесі 0,8% (14 639,2 млн. теңге)) қаржыландырылған, оның ішінде инновациялық гранттар 3,1 млрд. теңгені құраған (3-сурет).

Акционерлік қаржыландыру. Бұл қаржыландыру түрі негізінен акционерлік қоғам түрінде құрылған кәсіпорындарда қолданылады. Олар өздерінің инновациялық қызметін жүзеге асыру үшін акцияларды эмиссиялап сату арқылы қаржылық ресурстарды тартады [5]. Акционерлік қоғам формасында құрылған кәсіпорындар негізінен ірі кәсіпорындар санатына жатады, олардың инновациялық жобаларды қаржыландыруға шағын және орта кәсіпорындармен салыстырғанда мүмкіндіктері көбірек.

Жоғарыда атап өткеніміздей отандық ірі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі шағын және орта кәсіпорындармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болып отыр. Өйткені олардың кірістері, резервтік қорлардағы қаражаттары көбірек, сонымен қатар сыртқы қаржыландыру көздерінен қосымша қаражат тарту мүмкіндіктеріне ие.

Бағалы қағаздар эмиссиясының номиналды сомасын анықтау үшін: инновациялық жобаны іске асыруға қажетті қаржы ресурстарының көлемі, күтілетін капитал өсімі және акциялар бойынша дивидендтер мөлшері, акцияларды орналастыру кезінде эмитент алатын ақша түсімдерінің мөлшері сияқты көрсеткіштер пайдаланылады.

Банктік несиелер. Банктік несиелер қарызды қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады және бизнестің қаржылық қиындықтарын тиімді түрде жеңілдетеді алады [16]. Алайда, банктік несиелер кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландырудың тиімді құралы емес [1].

Кәсіпорынның инновациялық қызметі ол жаңа қызмет болғандықтан тәуекелі де жоғары болып келеді, ал банктер негізінен тәуекелі жоғары қызмет түрлерін қаржыландыруға аса қызығушылық таныта бермейді, егер қаржыландыратын болса да қосымша кепілдікті қажет етеді. Сонымен қатар көп жағдайда инновацияны іске асыру ұзақ мерзімді үдеріс және оған тұрақты инвестициялар болуы тиіс, ал банктік несиелер әдетте белгілі бір мерзімге ғана беріледі. Осылайша, банктік несие шарттары мен инновациялық капиталға сұраныс арасында сәйкессіздік бар. Тіпті егер банктер кәсіпорындардың ин-

новациялық қызметін қаржыландыруға қатысатын болса да, ол көбінесе ҒЗТҚЖ-ның ерте сатысында емес, инновациялық трансформация сатысында қатысатын болады, өйткені бұл кезең ақша ағынының тұрақтылығын қамтамасыз ете алады, ал осы кезеңдегі кәсіпорындарда несие кепілі ретінде пайдалануға болатын активтері көп болады, бұл банктік қаражаттың сақталуын қамтамасыз ете алады. Сондықтанда көптеген зерттеушілер банктік несиелер кәсіпорынның инновациялық қызметін қаржыландыруға айтарлықтай оң ықпал етпейді деген қорытындыға келіп отыр [1].

Зерттеулер барысында белгілі болғандай отандық кәсіпорындардың инновацияларға жұмсаған шығындарының 50,1%-ы банк қарыздары есебінен қаржыландырылып отыр, яғни отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыруда банк қарыздарының үлесі басым екендігі белгілі болды (3-сурет). Отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің төмен болуына инновациялық қызметті қаржыландыруға өз меншікті қаражатының жетіспеушілігі, басқа сыртқы қаржыландыру көздерінен қаржы тарту қиын болғандықтан, банк несиелерін алуға мәжбүр болып отырғандығын көрсетіп отыр.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландырудың тағы бір маңызды қаржылық құралы бұл салықтық жеңілдіктер болып табылады. Салықтық жеңілдіктер – инновацияның шығындарын азайту мақсатында салық мөлшерлемесін, салық сомасын және салық декларациясын төмендету сияқты әр түрлі формада болуы мүмкін кейінгі ынталандыру шарасы. ҒЗТҚЖ шығындарын және салық жүктемелерін азайту арқылы кәсіпорындар инновациядан көбірек табыс ала алады, бұл оларды ҒЗТҚЖ-на инвестицияларын ұлғайтуға ынталандырады. Салықтық жеңілдіктер кәсіпорынның инновациялық үлесін арттыруға ынталандырып қана қоймайды, сонымен қатар оның инновациялық өнімін көбейтеді. Салықтық жеңілдіктер кәсіпорындардың инновациялық қарқындылығына айтарлықтай ынталандырушы әсер ететіні анықталды [17].

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде инвестициялық салық преференцияларын қолданудың оңайлатылған тәртібі көзделген, бұл ретте олар Салық кодексіне сәйкес салық төлеушінің таңдауы бойынша қолданылады және преференциялар объектілерінің құнын және (немесе) реконструкциялауға, жаңғыртуға арналған кейінгі шығыстарды біржолғы не преференциялар объектілері пайдалануға берілген сәттен бастап үш жыл ішінде шегерімдерге жатқызудан тұрады [18]. Салықтық ынталандыру шараларын таңдау мемлекет қолдайтын экономикалық қызмет түрлерінің стратегиялық айқындылығына байланысты.

Қазақстан Республикасында салықтық жеңілдіктердің басым бөлігі инвестициялық ахуалды жақсартуға, капиталды тартуды ынталандыруға, отандық өндірісті дамытуға бағытталған. Әсіресе қызметін арнайы экономикалық аймақтың (АЭА) аумағында жүзеге асыратын субъектілерге көптеген салықтық жеңілдіктер қарастырылған.

Бүгінгі таңда ҚР-да 15 АЭА қызмет көрсетеді. «QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ-ның 2025 жылдың мамырдағы мәліметіне сәйкес еліміздегі АЭА аумағында қызметін жүзеге асыратын субъектілердің саны 5958 бірлікті құраған [18]. Бұл ҚР бойынша тіркелген барлық субъектілердің (01.01.2025 ж. жағдай бойынша 536 241 субъект тіркелген) 1,1%-ы ғана өз қызметін АЭА аумағында жүзеге асыратындығын көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінде АЭА аумағында қызметін жүзеге асыратын ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер үшін төмендегідей салықтық жеңілдіктер көзделген [19]:

- корпоративтік табыс салығы (КТС), жер салығы, мүлік салығы, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы бойынша салық мөлшерлемелерін 100%-ға төмендету;
- АЭА аумағында қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру кезінде өндірілген және өткізілетін тауарларды қосылған құн салығы (ҚҚС)-нан босату (2021 жылдан бастап);
- АЭА аумағына қызметті жүзеге асыру кезінде толық тұтынылатын тауарларды сатуға нөлдік ставка бойынша ҚҚС салынады (жеткізушілер үшін);
- АЭА және индустриялық аймақ басқарушы компаниялары жер салығының, мүлік салығының және жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақының сомасын 100%-ға азайтады;
- АЭА-дағы салықтық жеңілдіктерге сараланған тәсіл (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) 2024 жылғы 1 қаңтардан кейін қызметті жүзеге асыру туралы шарттар жасасқан АЭА қа-

тысушыларына «Инвестициялар неғұрлым көп болса, соғұрлым көп жеңілдіктер» қағидаты бойынша қолданылады.

Сонымен қатар «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА қатысушылары үшін есептелген әлеуметтік салық сомасын 100% төмендету мүмкіндігі қарастырылған.

АЭА-дағы салықтық жеңілдіктерге сараланған тәсіл 2024 жылғы 1 қаңтардан кейін қызметті жүзеге асыру туралы шарттар жасасқан АЭА қатысушыларына жобаның құнына байланысты келесі санаттар бойынша салықтық преференцияларды қолданады (2-кесте).

Кесте 2 – АЭА қатысушыларына жобаның құнына байланысты санаттар бойынша салықтық преференциялар

Санат	Сипаттама	Мерзімі
А	жобаның құны республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – тің 3 000 000 еселенген мөлшеріне дейін	7 жыл
В	жобаның құны республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қолданыста болатын АЕК–тің 3 000 000 еселенген мөлшерінен 14 500 000 еселенген мөлшеріне дейін	15 жыл
С	жобаның құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын АЕК–тің 14 500 000 еселенген мөлшері және одан жоғары	25 жыл
Ескерту – [19] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылды.		

2-кестеде қарастырылған салықтық преференциялар АЭА аумағында қызметті жүзеге асыратын ұйым мен жеке кәсіпкерге 2024 жылғы 1 қаңтардан кейін Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы заңнамасына сәйкес қызметті жүзеге асыру туралы шарт жасасқан жағдайда қолданылады. Сонымен қатар, бұл жеңілдік мерзімі қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданылу мерзімінен және арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеу мерзімінен аспайды.

Сондай-ақ, қолданыстағы Салық кодексі инвестициялық белсенділікті ынталандыруға бағытталған жеңілдіктердің кең спектрін қарастырады. Инвестициялар туралы келісімді іске асыратын субъектілерге (7,5 млн. АЕК-тен басталатын инвестициялар үшін) салықтар бойынша мынадай преференциялар беріледі [19]:

- инвестициялар жөніндегі келісімде (10 жыл) айқындалған қызмет түрлерінен түсетін кірістер бойынша КТС 100%-ға азаюы;
- жер салығын есептеу кезіндегі 0 коэффициенті (10 жыл);
- мүлік салығын есептеу кезінде салық базасына 0 пайыз мөлшерлемесі (8 жыл);
- АЭА аумағында қызметті жүзеге асыру кезінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сату бойынша айналымдарды ҚҚС-тан босату;
- инвестициялар көлемі АЕК-тің 15 миллион еселенген мөлшерінен кем емес инвестициялық жобаны іске асыру кезеңінде жүзеге асырылған нақты шығыстардан көрсетілген салықтар бойынша преференцияларды қолданудың 10 жылы өткеннен кейін 20%-дан аспайтын мөлшерде салық міндеттемелерін азайту;
- келісімнің бүкіл қолданылу мерзіміне берілген салық преференцияларының тұрақтылығы.

Сонымен қатар инвестициялық жобаны іске асыру кезінде инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері беріледі:

- технологиялық жабдықты, оның жинақтаушы және қосалқы бөлшектерін, шикізатты немесе материалдарды импорттау кезінде кедендік баж салығынан босату;
- шикізат немесе материалдар импортына қосылған құн салығын салудан босату;
- мемлекеттік заттай гранттар.

Бұдан басқа «Астана» халықаралық қаржы орталығының аумағында ерекше салық режимі қолданылады. Салықтық жеңілдіктер «Астана Хаб» халықаралық технологиялық паркінің қатысушылары үшін де қолжетімді.

2024 жылдың қорытындысы бойынша тексерулер нәтижесінде 3,4 триллион теңге сомасына 453 жеңілдік түрі анықталған. Бұл республикалық бюджеттің шамамен 13-14%-ын құрайды. Алдағы уақытта ҚР Үкіметі салық реформасы аясында 1,3 триллион теңгеден астам сомаға 128 салық жеңілдіктерін жоюды қарастырып отыр. Бірақ инвестициялық жобалар, АЭА қатысушылары үшін салық жеңілдіктері сақталып қалатын болады [20].

Қолданыстағы салық жеңілдіктерінің көпшілігі стандартты және халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді. Олар мультипликативті әсер ете отырып, экономиканың дамуына ықпал етеді. Бірқатар жеңілдіктер әлеуметтік бағытқа ие немесе тұтынушыларға қаржылық жүктемені азайтуға бағытталған. Сонымен қатар, салықтық жеңілдіктер инвестицияларды тартудың маңызды құралы болып табылады [21].

Қазіргі уақытта елімізде кәсіпорындардың инновациялық қызметін салықтық ынталандыру кезінде туындайтын мәселелер бар. Олардың қатарына салықтық реттеу объектісі ретінде кәсіпорындардың инновациялық қызметінің мәнін теориялық және әдістемелік тұрғыдан түсінудің жеткіліксіздігін атап айтуға болады [22].

Сонымен қатар қызметін АЭА-дың аумағынан тыс жерлерде жүргізетін және инвестициялық жобамен байланыссыз инновациялық қызметті жүзеге асыратын отандық кәсіпорындарға арнайы салық жеңілдіктерін қарастыру арқылы олардың инновациялық қызметін қаржыландыруға, инновациялық белсенділігін арттыру, инновациялық өнім өндіруге (қызмет көрсетуге) ынталандыру қажет деп есептейміз.

Сондай-ақ, халықаралық тәжірибеге сәйкес инновациялар негізінен ҒЗТКЖ нәтижесінде іске асырылады. Сондықтанда отандық кәсіпорындарда осы ҒЗТКЖ-ды іске асыруға ынталандыру бойынша да салықтық жеңілдіктерге ерекше мән беру қажет. Бүгінгі таңда Салық кодексіндегі заңды тұлғаларға арналған жеңілдіктер тек ҒЗТКЖ шығындарының 7,5% мөлшерінде КТС бойынша өтемақы төлеуді қарастырады және салықтық әкімшілендірудің нақты рәсімдерінің болмауына байланысты іс жүзінде жұмыс істемейді [23].

Кәсіпорынның инновациялық қызметін қаржыландыруда меншікті қаражат негізгі қаржыландыру көзі болып табылады, оған негізінен кәсіпорын қызметі нәтижесінде алынған пайданың бір бөлігі, резервтік қорларындағы және басқа да уақытша бос қаражат кіреді. Кәсіпорындардың меншікті қаражаты өз ҒЗТКЖ-ны қаржыландыруға, технологияларды сатып алуға, өндірісті ұйымдастыруға жұмсалады [5].

Кәсіпорын өзінің меншікті қаражаты есебінен инновациялық қызметін жүзеге асыратын болса ол жан-жақты тиімді болатыны белгілі. Көптеген сарапшылардың зерттеуі бойынша кәсіпорынның инновациялық қызметін ішкі қаржыландыру сыртқы қаржыландыруға қарағанда көбірек табыс әкелетінін көрсетеді [2]. Әсіресе мемлекеттің қатаң ақша-несие саясаты жағдайында кәсіпорынның инновациялары ішкі капиталға көбірек тәуелді [1].

Кәсіпорынның меншікті қаражаты есебінен инновациялық қызметті қаржыландырудағы үлесінің жоғары болуы, ең алдымен, инновациялардың көпшілігі базалық емес, негізінен қолданыстағы технологияларды түрлендіретінін немесе нарықта бұрыннан айналыстағы тауарлар мен қызметтерін жетілдіруге арналатындықтан сыртқы қаржыландыру көздерінен тартылатын қаражатқа қарағанда қаржыландыру жедел іске асырылады. Сонымен қатар инновациялық қызметті сыртқы қаржыландырумен салыстырғанда ішкі қаржыландыру нәтижесінде алынатын табыс кәсіпорында толығымен қалатын болады. Инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін меншікті қаражатты пайдалану негізінен ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың айрықша құзыретіне жатады, себебі олардың жылдық түсімі жоғары, ал шағын және орта кәсіпорындардың ондай мүмкіндіктері шектеулі [6]. Сондықтанда отандық шағын және орта кәсіпорындар инновациялық қызметін қаржыландыру үшін сыртқы көздерден қаражат тартуға мәжбүр болады. Кәсіпорын инновациялық қызметті тек сыртқы көздерден қаржыландыратын болса, мысалы банктен несие алса, пайданың бір бөлігін банкке несиені пайызымен бірге өтеуге төлеп отыратын болады, акционерлік қаржыландыру есебінен іске асырса акционерлерге дивиденд төлейтін болады, инвестиция тарту арқылы инновациялық қызмет қаржыландырылатын болса пайданың бір бөлігін инвесторлар алатын болады және т.б.

Кәсіпорын үшін инновациялық қызмет тәуекелі жоғары және алдын ала инновациялық өнімге сұраныс белгісіз болғандықтан, күтілетін нәтиже алдын ала жоспарлағандай болмауы да мүмкін. Сонымен қатар табыстылық нормасын белгілеу мүмкін болмаған кезде инвесторлар жобаларға бөлінген ресурс-

тардың көлемін қысқартады немесе оларды қаржыландырудан бас тартуы мүмкін, бұл инновацияға теріс әсер ететін қаржылық шектеулерге әкеледі [24]. Осы тұрғыдан алғанда инновациялық қызметті қаржыландыруға сыртқы көздерден қаражат тарту кәсіпорындар үшін күрделі мәселе болып табылады.

Сондықтанда қазіргі уақытта отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыруда меншікті қаражат көздерінен қаржыландыруға және мемлекет тарапынан түрлі қолдау тетіктері мен ынталандыру шараларын қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөлу қажет.

Зерттеулер барысында белгілі болғандай отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін меншікті қаражаттарының есебінен қаржыландыру үлесі 39,6%-ды немесе 721 090,2 млн. теңгені құраған (3-сурет). Бұл меншікті қаражат есебінен қаржыландыру үлесі отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыруға айтарлықтай оң ықпал ете алмай отырғандығын көрсетіп отыр. Себебі жоғарыда атап өткеніміздей соңғы жылдары отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі төмен деңгейде өзгеріссіз қалуда.

Сондықтанда біздің ойымызша отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыруда, олардың инновациялық қызметін қаржыландырудың маңыздылығын ескере отырып мемлекеттік қолдау шараларын барынша жетілдіру қажет.

Шетелдік тәжірибеге сәйкес инновациялар негізінен ҒЗТҚЖ нәтижесінде пайда болады және іске асырылады. Ал ҒЗТҚЖ жүргізу және оның нәтижелі болуы көп жағдайда тікелей қаржыландырумен байланысты. Сонымен қатар дамыған елдердің тәжірибелерінен белгілі болып отырғандай кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамытуға, олардың инновациялық белсенділігін арттыруға мемлекет тарапынан ауқымды қолдау шаралары қарастырылған және оны арнайы мемлекеттік мекемелер іске асырады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) 21 елде жүргізген соңғы зерттеулерінің бірі кәсіпорындардың инновациялық қызметін мемлекеттік қолдау осы кәсіпорындардың ҒЗТҚЖ-ға инвестициясының 40-70%-ға артуына әкелетінін көрсетті [25].

Кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі жоғары елдерде инновациялық қызметті қаржыландыруға бөлінетін қаражаттардың басым бөлігі ҒЗТҚЖ-ға бағытталады, ал біздің зерттеулеріміздің барысында белгілі болғандай 2023 жылы инновацияларға жұмсалған шығындардың 69,7%-ы заманауи жабдықтарды, машиналарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді, сондай-ақ басқа да күрделі өнімдерді сатып алуға жұмсалған, ал ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған шығындардың үлесі 8,6%-ды (оның ішінде 6,4%-ы ішкі ҒЗТҚЖ-ға, 2,2%-ы сыртқы ҒЗТҚЖ-ға) ғана құраған.

Соңғы жылдарда мемлекет тарапынан ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға бөлінетін қаражат көлемі артып келеді, осы гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми – зерттеулерді нақты отандық кәсіпорындар базасында жүргізуді міндетті шарт ретінде енгізу қажет деп есептейміз. Бұл отандық кәсіпорындар базасында ҒЗТҚЖ жүргізуді ынталандырады және өз кезегінде осы салаға бөлінетін қаражат көлемі артатын болады.

Отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыруды жетілдіру бойынша елімізде жаңадан қабылданғалы отырған Салық кодексінде кәсіпорындардың инновациялық қызметін және ҒЗТҚЖ ынталандыруға бағытталған салық жеңілдіктерін енгізу қажет деп есептейміз. Бұл салық жеңілдіктері әрбір отандық кәсіпорынды инновациялық өнім өндіруге (қызмет көрсетуге) ынталандырайтын болуы тиіс.

Соңғы жылдары елімізде инновациялық қызметті дамыту үшін мемлекет тарапынан барынша жағдай жасалуда. Бүгінгі күнге дейін бірнеше индустриалды-инновациялық бағдарламалардың қабылданып, іске асырылып жатқаны белгілі, бірақ ол бағдарламалар елімізде өндіріс көлемін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға оң әсер еткенімен, өндіріс кәсіпорындарының инновациялық белсенділігінің артуына тікелей әсері байқалмай отыр. Зерттеулер барысында белгілі болғандай отандық кәсіпорындарда инновациялық қызметтің жүзеге асыра алмауының негізгі себебінің бірі қаржы ресурстарының жетіспеушілігі болып отыр. Сонымен қатар инновациялық қызмет бұл үнемі жетілдіріп отыруды және тұрақты қаржыландыруды қажет етеді [3]. Сондықтанда отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыруға бағытталған арнайы мемлекеттік бағдарлама қажет. Бұл бағдарлама негізінен отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыруға, ғылым мен өндіріс арасында байланысты нығайтуға бағытталуы қажет. Себебі инновация негізінен ҒЗТҚЖ нәтижесінде іске асырылатыны белгілі.

ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР

Бүгінгі таңда отандық кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін, инновациялық белсенділігін арттырудың бірден-бір жолы олардың инновациялық қызметін қаржыландырудың кешенді жүйесін қалыптастыру қажет. Қазіргі бәсекелестік жағдайында отандық кәсіпорындар инновациялық қызметті іске асыруға, бәсекеге қабілетті, инновациялық өнімдер шығаруға мүдделі.

Ғылыми зерттеулер нәтижесінде келесілерді ұсынамыз:

– кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыруда банк қарыздарының үлесі басым екендігі белгілі болды. Сондықтанда алдағы уақытта кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыруда барынша меншікті қаражат үлесін арттыру, мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды жетілдіру, сонымен қатар отандық және шетелдік инвестициялар есебінен қаржыландыру үлесін арттыру ұсынылады;

– отандық кәсіпорындар базасында ҒЗТКЖ жүргізуді ынталандыру мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру негізінде атқарылатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын нақты отандық кәсіпорындар базасында жүргізуді міндетті шарт ретінде енгізу ұсынылады. Бұл мемлекеттің қаржылық қолдауы арқылы зерттеуші ғалымдарды ҒЗТКЖ отандық кәсіпорындар базасында жүргізуге ынталандыратын болады;

– қазіргі қолданыстағы салық заңнамасында ҒЗТКЖ шығындары бойынша қарастырылған салық жеңілдіктері заңды тұлғаларды айтарлықтай ынталандырмай отыр. Сондықтанда отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыруды жетілдіру бойынша елімізде жаңадан қабылданғалы отырған Салық кодексінде кәсіпорындардың инновациялық қызметін және ҒЗТКЖ ынталандыруға бағытталған салық жеңілдіктерін енгізу ұсынылады;

– қолданыстағы салық жеңілдіктерінен барынша көбірек пайдалану үшін отандық кәсіпорындарға мүмкіндігінше қызметін АЭА аумағында іске асыру ұсынылады;

– инновациялық қызмет бұл үнемі жетілдіріп отыруды және тұрақты қаржыландыруды қажет етеді. Сондықтанда отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыруға бағытталған арнайы мемлекеттік бағдарлама әзірлеу ұсынылады. Бұл бағдарлама негізінен отандық кәсіпорындардың инновациялық қызметін қаржыландыруға, ғылым мен өндіріс арасында байланысты нығайтуға, отандық және шетелдік инвесторларды ынталандыруға, нәтижесінде отандық кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін арттыруға бағытталуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ling Sh., Han G., An D., Akhmedov A., Wang H., Li H. Hunter W.C. The Effects of Financing Channels on Enterprise Innovation and Life Cycle in Chinese A-Share Listed Companies: An Empirical Analysis. Sustainability. – 2020. – Vol. 12. 6704. – P. 1-22. – doi:10.3390/su12176704.
2. Zhu E., Zhang Q., Sun L. Enterprise Financing Mode and Technological Innovation Behavior Selection: An Empirical Analysis Based on the Data of the World Bank's Survey of Chinese Private Enterprises. Discrete Dynamics in Nature and Society. – 2021. – Vol. 2021. – P. 1-11. – <https://doi.org/10.1155/2021/8833979>.
3. Ayranci A.E., Ayranci E. Financing of Innovative Small and Medium-Sized Enterprises. A Research in Turkey. International Journal of Academic Research in Accounting, Finance and Management Sciences. – 2016. – Vol. 6, No.1, January. – P. 100–114. – DOI: 10.6007/IJARAFMS/v6-i1/1997.
4. Брянцева Т.А. Особенности финансирования инновационной деятельности в современных экономических условиях. Проблемы современной экономики. – 2022. – № 3 (83). – С. 58 – 63.
5. Самарская И.М. Источники финансирования инновационной деятельности в Российской Федерации. Евразийский Научный Журнал. – 2016. – №4 (апрель). – С. 179-186.
6. Кваде Е.А., Табылдиев А. Финансовое обеспечение инноваций в РК. Гуманитарный научный журнал. – 2021. – №2. – С. 38-42.
7. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ [Электронды ресурс] // Әділет [web-портал]. – 2015. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375> (қаралған күн: қараша, 2024)

8. World Intellectual Property Organization (WIPO) [Электронный ресурс] // Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы [web-портал]. – 2024. – URL: <https://www.wipo.int/publications/ru/details.jsp?id=4758&plang=RU> (қаралған күн: қазан, 2024)
9. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар және инновациялар статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «б» қазан № 232 бұйрығы [Электронды ресурс] // Әділет [web-портал]. –2016. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014404> (қаралған күн: қараша, 2024)
10. Носова О.В. Инновационная политика Европейского союза: направления и приоритеты развития. Россия: тенденции и перспективы развития. – 2021. – №16-2. – С. 509-512.
11. European Innovation Scoreboard 2022. Luxembourg: Publications Office of the European Union. – 2022. – 102 p.
12. Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі туралы. 2023 ж. 19 сәуірі Инновациялар статистикасы. 20.05.2024. 22 б.
13. Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың инновациялық қызметі туралы. 2019-2023 ж. [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [web-портал]. – 2023. – URL: <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/> (қаралған күн: желтоқсан, 2024)
14. О.Бектенов обсудил запуск Фонда фондов венчурных инвестиций с международными и казахстанскими экспертами. [Электронный ресурс] // Официальный информационный ресурс Премьер-министра Республики Казахстан [web-портал]. URL:<https://primeminister.kz/ru/news/olzhas-bektenov-obsudil-zapusk-fonda-fondov-venchurnykh-investitsiy-s-mezhdunarodnymi-i-kazakhstanskimi-ekspertami-29498> (қаралған күн: желтоқсан, 2024)
15. Paul A. Gompers Corporations and the Financing of Innovation: The Corporate Venturing Experience. Federal Reserve Bank of Atlanta Economic review Fourth Quarter. – 2002. – P. 1-17.
16. Tang W., Cui Y., Qi Y. Long-term Financing Liabilities, Banking Connecting and R&D Investment: Empirical Evidence from China Manufacturing Listed Company. Appl. Stat. Manag. – 2017. Vol. 1. – P. 29–37. <https://doi.org/10.3390/su12176704>.
17. Rao N. Do tax credits stimulate R&D spending? The effect of the R&D tax credit in its first decade. Journal of Public Economics. – 2016. – Vol. 140, August. – P. 1-12. – <https://doi.org/10.1016/j.jpubeco.2016.05.003>.
18. Реестр участников специальных экономических зон [Электронный ресурс] // АО «Казахстанский центр индустрии и экспорта» «Qazindustry» [web-портал]. URL: <https://qazindustry.gov.kz/ru/registersez> (қаралған күн: 24.05.2025)
19. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі). Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ. [Электронды ресурс] // Әділет [web-портал]. – 2017. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (қаралған күн: қараша, 2024)
20. Клевцов И. Льготы уберут, СЭЗ проверят, но инвесторов не тронут: что ждет казахстанский бизнес после налоговой реформы [Электронный ресурс] // Ulys Media ақпараттық алаңы [web-портал]. URL: <https://ulysmedia.kz/analitika/47974-lgoty-uberut-sez-proveriat-no-investorov-ne-tronut-cto-zhdet-kazakhstanskii-biznes-posle-nalogovoi-reformy/> (қаралған күн: 24.05.2025)
21. Кусаинова И. Кто и зачем получает налоговые льготы в Казахстане: взгляд изнутри [Электронный ресурс] // Медиахолдинг «Atameken Business» [web-портал]. URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/kto-i-zachem-poluchaet-nalogovye-lgoty-v-kazahstane-vzglyad-iznutri> (қаралған күн: 24.05.2025)
22. Игликова Д.Д. Налоговое стимулирование инновационной деятельности Казахстана. Проблемы та перспективи розвитку фінансової системи в сучасних умовах: збірник матеріалів Міжнародної науково-практичної інтернет-конференції (м. Полтава, 11-12 жовтня 2017 року).- Полтава: ПУЕТ. – 2017. – С.41-45.
23. Халитова М.М., Сулейменова А.Ш. Мировой опыт налогового стимулирования развития инновационной деятельности (на примере Японии). Экономика: стратегия и практика. – 2018. – №4. – С. 124-133. (журнал)

24. Diaconu M. Features of financing innovative enterprises. International journal of academic research. – 2012. – Vol. 4. No. 2. April. – P. 70-74.

25. Measuring innovation a new perspective [Электронды ресурс] // Organisation for Economic Co-operation and Development [web-портал]. – 2010. – URL: https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/publications/reports/2010/05/measuring-innovation_g1ghc903/9789264059474-en.pdf (қаралған күн: қараша, 2024)

REFERENCES

1. Ling, Sh., Han, G., An, D., Akhmedov, A., Wang, H., Li, H., Hunter, W.C. (2020). The Effects of Financing Channels on Enterprise Innovation and Life Cycle in Chinese A-Share Listed Companies: An Empirical Analysis. *Sustainability*, 12, 6704, 1-22. doi:10.3390/su12176704

2. Zhu, E., Zhang, Q., Sun, L. (2021). Enterprise Financing Mode and Technological Innovation Behavior Selection: An Empirical Analysis Based on the Data of the World Bank's Survey of Chinese Private Enterprises. *Discrete Dynamics in Nature and Society*. Volume, 1-11. <https://doi.org/10.1155/2021/8833979>

3. Ayranci, A.E., Ayranci, E. (2016). Financing of Innovative Small and Medium-Sized Enterprises. A Research in Turkey. *International Journal of Academic Research in Accounting, Finance and Management Sciences* Vol. 6, No.1, January, 100–114. DOI: 10.6007/IJARAFMS/v6-i1/1997

4. Bryanceva, T.A. (2022). Osobennosti finansirovaniya innovacionnoj deyatel'nosti v sovremennyh ekonomicheskikh usloviyah. *Problemy sovremennoj ekonomiki*, N 3 (83), 58 – 63 (In Russian)

5. Samarskaya, I.M. (2016). Istochniki finansirovaniya innovacionnoj deyatel'nosti v Rossijskoj Federacii. *Evrazijskij Nauchnyj Zhurnal*. No.4 (aprel'). 179-186. (In Russian)

6. Kvade, E.A., Tabyldiev, A. (2021). Finansovoe obespechenie innovacij v RK. *Gumanitarnyj nauchnyj zhurnal*. No.2. 38-42. (In Russian)

7. Kazakstan Respublikasynyn Kasipkerlik Kodeksi 2015 zhylgy 29 kazandagy № 375-V KRZ (2015). Retrieved November, 2024, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375>

8. World Intellectual Property Organization (WIPO). (2024). Duniezhuzilik ziyatkerlik menshik ujymy. Retrieved October, 2024, from <https://www.wipo.int/publications/ru/details.jsp?id=4758&plang=RU>

9. Gylymi-zertteu zhane tazhiribelik-konstruktorlyk zhymystar zhane innovaciylar statistikasy korsetkishterin kalypastyru bojynsha adisteme. Kazakstan Respublikasy Ulttyk ekonomika ministrlygi Statistika komiteti toragasynyn 2016 zhylgy 6 kazan № 232 bujrygy. (2016). Retrieved November, 2024, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014404> (In Kazakh)

10. Nosova, O.V. (2021). Innovacionnaya politika Evropejskogo soyuza: napravleniya i priority razvitiya. *Rossiya: tendencii i perspektivy razvitiya*. No.16-2, 509-512 (In Russian)

11. European Innovation Scoreboard (2022). Luxembourg: Publications Office of the European Union 102 p.

12. Kazakstan Respublikasyndagy kasiporyndardyn innovaciylalyk kyzmeti turaly (2023). 19 seriya Innovaciylar statistikasy. 20.05.2024. 22 p. (In Kazakh)

13. Kazakstan Respublikasyndagy kasiporyndardyn innovaciylalyk kyzmeti turaly 2019-2023. (2023). Kazaakstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyk statistika byurosy. Retrieved December, 2024, from <https://stat.gov.kz/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/>

14. O. Bektenov obsudil zapusk Fonda fondov venchurnyh investicij s mezhdunarodnymi i kazahstanskimi ekspertami. (2024). Oficial'nyj informacionnyj resurs Prem'er-ministra Respubliki Kazahstan. Retrieved December, 2024, from <https://primeminister.kz/ru/news/olzhas-bektenov-obsudil-zapusk-fonda-fondov-venchurnykh-investitsiy-s-mezhdunarodnymi-i-kazahstanskimi-ekspertami-29498>

15. Paul, A. (2002). Gompers Corporations and the Financing of Innovation: The Corporate Venturing Experience. *Federal Reserve Bank of Atlanta Economic review* Fourth Quarter. 1-17

16. Tang, W., Cui, Y., Qi, Y. (2017). Long-term Financing Liabilities, Banking Connecting and R&D Investment: Empirical Evidence from China Manufacturing Listed Company. *Appl. Stat. Manag.* 1, 29–37. <https://doi.org/10.3390/su12176704>

17. Rao, N. (2016). Do tax credits stimulate R&D spending? The effect of the R&D tax credit in its first decade. *Journal of Public Economics*. Volume 140, August, 1-12. <https://doi.org/10.1016/j.jpubeco.2016.05.003>
18. Reestr uchastnikov specialnyh ekonomicheskikh zon. (2025). АО «Kazhstanskij centr industrii i eksporta» «Qazindustry». Retrieved 24.05.2025, from <https://qazindustry.gov.kz/ru/registersez>
19. Salyk zhane byudzhette tolenetin baska da mindetti tolemder turaly (Salyk kodeksi). (2017). Kazakhstan Respublikasynyn Kodeksi 2017 zhylgy 25 zheltoksandagy № 120-VI KRZ. Retrieved November, 2024, from <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120> (In Kazakh)
20. Klevcov I. Lgoty uberut, SEZ proveryat, no investorov ne tronut: chto zhdet kazhstanskij biznes posle nalogovoj reformy. (2025). Ulys Media akparattyk alany. Retrieved 24.05.2025, from <https://ulysmedia.kz/analitika/47974-lgoty-uberut-sez-proveriat-no-investorov-ne-tronut-cto-zhdet-kazhstanskii-biznes-posle-nalogovoi-reformy/>
21. Kusainova I. Kto i zachem poluchaet nalogovye lgoty v Kazhstane: vzglyad iznutri. (2025). Mediaholding «Atameken Business». Retrieved 24.05.2025, from <https://inbusiness.kz/ru/news/kto-i-zachem-poluchaet-nalogovye-lgoty-v-kazhstane-vzglyad-iznutri>
22. Iglukova, D.D. (2017). Nalogovoe stimulirovanie innovacionnoj deyatel'nosti Kazhstana. Problemi ta perspektivi rozvitku finansovoi sistemi v suchasniy umovah: zbirnik materialiv Mizhnarodnoi naukovopraktichnoj internet-konferencii (m. Poltava, 11-12 zhovtnya 2017 roku).- Poltava: PUET, 41-45. (In Russian)
23. Halitova, M.M., Sulejmenova, A.Sh. (2018). Mirovoj opyt nalogovogo stimulirovaniya razvitiya innovacionnoj deyatel'nosti (na primere Yaponii). *Ekonomika: strategiya i praktika*. No.4. 124-133. (In Russian)
24. Diaconu, M. (2012). Features of financing innovative enterprises. *International journal of academic research*. Vol. 4. No. 2. April. 70-74
25. Measuring innovation a new perspective (2010). Organisation for Economic Co-operation and Development. Retrieved November, 2024, from https://www.oecd.org/content/dam/oecd/en/publications/reports/2010/05/measuring-innovation_g1ghc903/9789264059474-en.pdf

FEATURES OF FINANCING INNOVATIVE ACTIVITIES OF ENTERPRISES

A. N. Ramashova¹, D. A. Zhoshibayeva¹, G. A. Pazilov^{1*}

¹South Kazakhstan Research University named after M. Auezov, Shymkent, Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

The *purpose* of the research is to identify the main problems and propose ways to solve them by analyzing the essence and meaning of innovation activities, measures of state support for innovation, as well as indicators of financing innovation activities of domestic enterprises in modern conditions.

Methodology. Authors used general scientific methods of analysis and synthesis, methods of summarizing the results of scientific research, literature review, comparison and expert assessment.

Originality / value of the research lies in the fact that the innovative path of economic development involves providing competitive advantages based on the creation of high-tech industries and the modernization of existing ones. Despite the fact that a lot of work has been done in our country to support the innovative activities of domestic enterprises, they cannot show advanced innovative development. The study examined the factors contributing to the inability to carry out innovation activities at domestic enterprises, among which it was found that lack of funding is one of the main reasons.

Findings. As a result of the research, the types of financing of innovation activities were considered and the possibilities of their application in improving the financing of innovation activities of domestic enterprises were proposed. In particular, specific recommendations were given on improving state financing of innovation activities of domestic enterprises, providing tax incentives to enterprises engaged in innovation activities,

stimulating research and development work on the basis of domestic enterprises, and strengthening ties between science and production.

Keywords: innovation, innovation activity, innovation activity, financing of innovation activity, venture financing, innovation grant.

ОСОБЕННОСТИ ФИНАНСИРОВАНИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕДПРИЯТИЙ

А. Н. Рамашова¹, Д. А. Жошибаева¹, Г. А. Пазиллов^{1*}

¹Южно-Казахстанский исследовательский университет имени М. Ауэзова,
Шымкент, Республика Казахстан

АННОТАЦИЯ

Цель исследования выявить основные проблемы и предложить пути их решения путем анализа сущности и смысла инновационной деятельности, мер государственной поддержки инновационной деятельности, а также показателей финансирования инновационной деятельности отечественных предприятий в современных условиях.

Методология в исследовании использовались общенаучные методы анализа и синтеза, методы обобщения результатов научных исследований, обзора литературы, сравнения и экспертной оценки.

Оригинальность (ценность) исследования заключается в том, что инновационный путь экономического развития предполагает обеспечение конкурентных преимуществ на основе создания высокотехнологичных производств, модернизации существующих. Несмотря на то, что в нашей стране проделана большая работа по поддержке инновационной деятельности отечественных предприятий, они не могут показать опережающее инновационное развитие. В ходе исследования были рассмотрены факторы, способствующие невозможности осуществления инновационной деятельности на отечественных предприятиях, среди которых было установлено, что недостаток финансирования является одной из основных причин.

Результаты исследования. В результате исследования были рассмотрены виды финансирования инновационной деятельности и предложены возможности их применения в совершенствовании финансирования инновационной деятельности отечественных предприятий. В частности, даны конкретные рекомендации по совершенствованию государственного финансирования инновационной деятельности отечественных предприятий, предоставлению налоговых льгот предприятиям, осуществляющим инновационную деятельность, стимулированию проведения научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ на базе отечественных предприятий, укреплению связей между наукой и производством.

Ключевые слова: инновации, инновационная активность, инновационная деятельность, финансирование инновационной деятельности, венчурное финансирование, инновационный грант.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Рамашова Айсулу Нурмамбековна – PhD, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы, email: r.aissulu87@mail.ru. ORCID ID: /0000-0002-7370-563X

Жошибаева Дарига Абдрахмановна – докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы, email: dariga.zhoshybaeva.72@mail.ru. ORCID ID: /0000-0002-2559-2722

Пазиллов Галимжан Абдирасулович – PhD, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы, email: pgalimjan@mail.ru. ORCID ID: /0000-0002-8880-9562*